Көкшетау

қалалық газет

1930 жылдың 17 қыркүйегінен бастап шығады

16 сәуір 2026 жыл. № 14 (14498) 12+ gazeta_kokshetau@mail.ru Kokshe-news.kz

Өңірлерді дамыту

Көкшетауда тұрғын үй құрылысы мен қалалық ортаны дамытудың жаңа кезеңі басталды. Өңірде жүйелі, сапалы әрі заманауи урбанистикалық саясат қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдар қолға алынуда. Бұл мәселелер облыс әкімі Марат Ахметжановтың төрағалығымен Көкшетауда өткен кеңесте кеңінен талқыланып, оған құрылыс саласының өкілдері, қаржы институттары мен сәулетшілер қатысты.

Жаңарған Көкшенің жасанған келбеті

Кеңесті ашқан облыс әкімі соңғы жылдары өңірде тұрғын үй құрылысының қарқыны едәуір артқанын атап өтті. Оның айтуынша, екі жыл ішінде облыста шамамен 1,4 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыс елдің солтүстік және орталық өңірлері арасында тұрғын үй құрылысының қарқыны бойынша көшбасшылардың бірі мәртебесін бекітті, – деді өңір басшысы.

Өңір басшысы қол жеткізілген нәтижелер құрылыс саласын дамытудағы жаңа тәсілдер мен бизнеспен тығыз әріптестіктің арқасында мүмкін болғанын атап өтті. Өңірде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері белсенді қолданылып, құрылыс саласын қолдау бағдарламалары кеңейтілуде. Осындай құралдардың бірі – ескі тұрғын үйлерді жаңғырту (реновация) бағдарламасы. Бүгінде ол облыстың сегіз ауданын қамтып отыр. Бағдарлама аясында жаңа тұрғын үйлер салынып, апатты және тозығы жеткен үйлердің тұрғындары заманауи пәтерлерге көшу мүмкіндігіне ие болуда.

– Өткен жылы мыңнан астам ақмолалық әлеуметтік тұрғын үй алды. Құрылыс салушылардан жаңа пәтерлер сатып алу тәжірибесі өзінің тиімділігін көрсетті. Бұл мемлекет қолдауына аса мұқтаж азаматтар үшін әлеуметтік тұрғын үй қорын қысқа мерзімде толықтыруға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Марат Ахметжанов.

Биыл құрылыс қарқыны сақталады. Өңір басшысының айтуынша, облыста жыл сайын кемінде 700 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беру жоспарлануда. Алайда тек көп салу жеткіліксіз. Құрылыс сапалы, ойластырылған және тұрғындарға жайлы болуы тиіс. Жаңа тұрғын аудандар өмір сүруге қолайлы, инфрақұрылымы дамыған және қаланың сәулеттік келбетіне үйлесімді болуы қажет. Бұған дейін бұл бағытта бірқатар мәселелер болған.

Марат Ахметжановтың айтуынша, ретсіз құрылыс өткен жылдардағы жүйелі қателіктердің салдары. Жер учаскелері көбінесе инженерлік жүктемені, көлік қолжетімділігін және аумақтың сәулеттік келбетін ескермей берілген. Нәтижесінде қалада жолы, автотұрағы, әлеуметтік нысандары және инженерлік желілері жоқ аудандар пайда болды. Әркім өз қалауынша құрылыс жүргізген. Мұндай тәжірибе инфрақұрылымға шамадан тыс жүктеме түсіріп, қаланың сәулеттік келбетінің бұзылуына әкелді. Ғимараттар биіктігі, түсі және стилі жағынан бір-біріне сәйкес келмейді.

Тағы бір маңызды мәселе – адал емес құрылыс салушылар. Кейбір жағдайларда қосымша пайда табу үшін құрылыс компаниялары бекітілген жобалық шешімдерден ауытқып, өз бетінше қосымша қабаттар салады немесе құжаттамада бұзушылықтарға жол береді.

Облыс әкімінің тапсырмасымен салынған үйлердің сенімділігін тексеру және анықталған кемшіліктерді жою бойынша арнайы алгоритм әзірленді. Сонымен қатар құрылыс алаңдарында құрылыс нормалары мен қауіпсіздік талаптарының сақталуына бақылау күшейтілді. Бұдан былай аумақтарды абаттандыруға ерекше көңіл бөлінеді – барлық жаңа нысандар қаланың бас жоспарына, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына және сәулеттік стандарттарға сәйкес болуы тиіс.

– Біз енді «жер алдым – қалағанымды саламын» деген қағидатпен дами алмаймыз. Әрбір құрылыс салушы ортақ іске үлес қосып отырғанын және қаланың келбеті үшін жауапты екенін түсінуі тиіс. Біз өз болмысы бар қала қалыптастыруымыз керек. Мұнда кез келген адам оның дәл Көкшетау екенін бірден түсінуі қажет. Біз сұрғылт, біркелкі құрылыстан арылып, өзіндік мінезі мен рухы бар қала жасауымыз қажет, – деді өңір басшысы.

Құрылыс саласын дамытуда өңірлік даму институттарының рөлі ерекше болуы тиіс. Атап айтқанда, «KOKSHE» ӘКК» АҚ жобалардың бірыңғай операторы ретінде әрекет етсе, «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ қаржылық құралдар мен кепілдік беру тетіктерін қамтамасыз етеді.

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Алтай Күздебаев облыс әкімдігімен ынтымақтастықтың жоғары деңгейін атап өтіп, компания өңірді әрі қарай да белсенді қолдауға дайын екенін жеткізді.

Оның айтуынша, бүгінгі таңда облыста несиелік және жалға берілетін тұрғын үй бағдарламалары аясындағы қолдаудың жалпы көлемі 52,5 млрд теңгені құрады. Соның арқасында 3,7 мыңнан астам адам қолжетімді бағамен баспаналы болды. Сонымен қатар компания құрылысқа кепілдік беру құралдарын белсенді дамытып келеді. Қазіргі таңда облыстағы мұндай кепілдіктер көлемі 17 млрд теңгеге жетті. «ҚТК» АҚ көпқабатты тұрғын үйлерді де, аз қабатты құрылыс жобаларын – коттеджбен таунхаустарды да қолдауға дайын. Ал биылғы мамыр айынан бастап реновация жобаларына да кепілдік беру мүмкіндігі қарастырылуда.

Ескі тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламасының жүзеге асырылу барысы туралы «KOKSHE» ӘКК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Ә.Әлиев баяндады. Соңғы екі жылда бағдарлама аясында 193 пәтерден тұратын 21 ескі үй бұзылып, олардың орнына 763 пәтерлі заманауи тұрғын үй кешендері салынды. 2030 жылға дейін 250 ескі ғимаратты бұзып, 5 мың пәтерлік 55 жаңа тұрғын үй кешенін салу жоспарлануда. Бұл шамамен 18 мың облыс тұрғынын баспанамен қамтуға мүмкіндік береді.

Ескірген құрылыс тәсілдерінің орнына индустриялық үй құрылысының заманауи технологиялары мен энергия үнемдейтін шешімдер енгізіледі. Бұл жылу шығындарын азайтып, тұрғындардың пайдалану шығындарын төмендетуге мүмкіндік береді.

Жаңа даму моделінің негізгі элементтерінің бірі – «KOKSHETAU ENGINEERING» урбанистика орталығы. Ол «KOKSHE» ӘКК» базасында құрылған. Орталықтың міндеті – тұрғын үйге сұранысты талдаудан бастап, экономикалық тиімділікті есептеу және инфрақұрылымға түсетін жүктемені бағалауға дейін құрылыс жобаларын кешенді дайындау.

Кеңесте тұрғын үй құрылысы мәселелерінен бөлек, ірі инфрақұрылымдық жобалар да таныстырылды. Көкшетау қаласының әкімі Әнуар Күмпекеев қала еліміздің солтүстік өңірлері үшін тартымды орталықтардың біріне айналуы тиіс екенін атап өтті. 2050 жылға қарай Көкшетау халқының саны 500 мың адамға жетуі мүмкін. Осы мақсатта қалада инженерлік инфрақұрылымды ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жаңа жылу электр орталығының құрылысы басталды, бұл қалаға жылу және электр энергиясын жеткізу қуатын едәуір арттырады. Жоба 2028 жылдан ерте іске қосылмайды, алайда қазірдің өзінде жылу магистральдарын және электр желілерін жаңарту жұмыстары басталған. Қалада жаңа қосалқы станциялар салу және электрмен жабдықтау жүйесін жаңарту жоспарланған. Ірі жобалардың қатарында заманауи кәріз тазарту құрылыстарын, Азаматтық қорғаныс академиясын, 10 мың орындық футбол стадионын және жеке инвестициялар есебінен салынатын көпсалалы облыстық ауруханаларды салу бар. Сонымен қатар Көкшетауда Копа көлінің жағасында жаңа іскерлік және мәдени орталық құру жоспарлануда. Kokshe Downtown жобасы тұрғын үй кешендерін, қонақ үйлерді, әкімшілік ғимараттарды және қоғамдық кеңістіктерді біріктіреді.

Бұдан бөлек, «Green Eco» ЖШС бас директоры Борис Шнайдерман жағалауды қайта жаңғырту және жаңа қалалық экопарк құру жобаларын таныстырды. Жоба аясында қолданыстағы жағалау қайта жаңартылып, ұзындығы шамамен 1,5 шақырым болатын жаңа жағалау салынады. Мұнда серуендеу аймақтары, велосипед жолдары, балалар және спорт алаңдары, демалыс орындары мен фудкорттар орналастырылады. Сонымен қатар 1,5 мыңнан астам ағаш және ондаған мың бұта отырғызу жоспарланған. Жобаның ерекшелігі – табиғи ландшафты сақтай отырып, аумағы 20 гектардан асатын экопарк құру.

Кеңес қорытындысы бойынша облыс әкімдігі, «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ және «KOKSHE» ӘКК» АҚ арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат өңірде тұрғын үй құрылысын дамытудың жаңа жүйелі моделіне көшуге негіз қалайды. Облыс әкімінің айтуынша, бұл тәсіл ретсіз құрылыстың алдын алып, заманауи әрі жайлы қалалық ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов «Жаңа Жағалау» абаттандыру жұмыстарының барысымен танысып, Pablo Coffee Bar фудкортын, Kokshe Food Market гастрономиялық кеңістігін және «Көк шалғын» аллеясын аралады.

Сондай-ақ өңір басшысына жағалау бойында жаңа тұрғын үйлер салу жоспарлары таныстырылды.

Әсем ҚҰЛЖАНОВА.

Экологиялық акция

Тазалық – өзімізден басталады

Көкшетауда «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында мыңға жуық адамды біріктірген ауқымды плоггинг өтті. Бұл іс-шара өңірде экологиялық мәдениеттің жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын, әсіресе жастардың белсенділігі артқанын айқын көрсетті.

Бүгінде акция шын мәнінде жаппай сипат алды: Ақмола облысының барлық қалалары мен аудан орталықтарында сенбіліктер ұйымдастырылды. Солардың ішіндегі ең жарқын мысалдардың бірі – Көкшетау қаласы болды, мұнда экологиялық бастама кең ауқымда қолдау тапты.

Бұл бастама екінші жыл қатарынан жүзеге асырылып, қала тұрғындары үшін жақсы дәстүрге айналып келеді. Қатысушылар санының артуы да соның дәлелі: өткен жылы алғашқы плоггингке шамамен 50 адам қатысса, биыл бұл көрсеткіш 1000-нан асты. Ұйымдастырушылар мұндай экологиялық жүгірулерді тұрақты түрде – апта сайын өткізуді жоспарлап отыр.

Экологиялық жүгіру Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті маңынан бастау алды. Қатысушылар Букпа шоқысындағы бақылау алаңына дейін жүріп өтіп, жол бойы қоқыс жинап, табиғатты тазартуға өз үлестерін қосты.

Акцияның ресми ашылуына қала әкімі Әнуар Күмпекеев қатысты. «Мұндай бастамалар экологиялық жағдайды жақсартып қана қоймай, қоғамның бірлігін нығайтады. Қоршаған ортаға деген жауапкершілік әр адамның жеке қатысуынан басталады», – деп атап өтті қала әкімі.

Оның айтуынша, мұндай форматтағы іс-шаралар қала тұрғындарының қоршаған ортаға деген жауапкершілік мәдениетін қалыптастырып, экологиялық өмір салтына тұрақты үрдіс қалыптастырады.

Көкшетаудағы плоггинг біртіндеп жай ғана шарадан қоғамдық қозғалысқа айналып келеді. Егер өткен жылы қалада 12 осындай іс-шара өткізіліп, жалпы саны мыңға жуық адам қатысқан болса, биыл алғашқы плоггингтің өзі осы көрсеткішке жетті. Бұл тұрғындардың экологиялық бастамаларға деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді.

Осылайша, Көкшетауда «Таза Қазақстан» акциясы бір реттік шара шеңберінен шығып, тұрақты қалалық тәжірибеге айналуда. Плоггинг енді жай ғана спорттық белсенділік емес, жауапкершілікке, бірлікке және қоршаған ортаға ұқыпты қарауға негізделген жаңа мәдениеттің бір бөлігіне айналып отыр.

Ә.ӨРНЕКТІ.

Тұлға

Қазақ ғылымының нар тұлғасы

Қазақ КСР Ғылым академиясының негізін қалаушы әрі тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаевтың туған күні Ғылым қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен орайлас келгендіктен, еліміз бойынша 12 сәуірде көрнекті тұлғаның ескерткішіне гүл қою рәсімі өткізілді.

Мемлекет астанасының Целиноград қаласына көшірілуіне орай Қоршаған орта және табиғатты қорғау министрлігі Көкшетау қаласына қоныс тепті. Ұлт болашағы мен ел мәртебесін тереңнен толғайтын зерделі азамат, беделді министр С.Дәукеевтің бастамасымен Қаныш Сәтбаев атындағы орталық көше бойында халқымыздың асыл перзентіне ескерткіштің орнатылуы ұлы тұлғаның қазақ ғылымын дамытуға қосқан баға жетпес еңбегіне көрсетілген құрмет болатын.

Көкшетаулық зиялы қауым мен жастар Қаныш Сәтбаевтың туған күніне орай ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, дарынды, оқымысты тұлғаның рухына тағзым етті. Геолог ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, минералогия ғылымдарының докторы Қаныш Имантайұлы 1899 жылы 12 сәуірде Павлодар облысы, Баянауыл өңірінде туған.

Алпыс бес жылдық ғұмырын Қазақстанның индустриялық дамуына арнаған көрнекті ғалым Жезқазған мыс кен орнын зерттеуге ерекше үлес қосты, металлогендік мектептің негізін қалады. Қазақ мектептері үшін «Алгебра» оқулығын жазды. Қаныш Имантайұлының қажырлы еңбегінің арқасында Ғылым академиясы құрылып, ол алғашқы президенті болды.

Қазақ халқының мақтанышына айналған ұлы тұлға академик Қаныш Сәтбаевтың ескерткішіне гүл қою рәсіміне арналған салтанатты митингте Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары Гүлмира Шұқатова сөз сөйледі. «Бүгін қазақ ғылымының негізін қалаушы, көрнекті ғалым, академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 127 жыл толып отыр. Бұл – еліміздің ғылымы мен өндірісінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның мұрасын тағы бір мәрте зерделейтін маңызды кезең.

Қаныш Имантайұлы – қазақ геология ғылымының атасы, еліміздің табиғи ресурстарын зерттеп, өндірістік әлеуетін арттыруға зор еңбек сіңірген бірегей тұлға. Оның бастамасымен Қазақстан Ғылым академиясы құрылып, отандық ғылымның дамуына берік негіз қаланды.

Бүгінгі таңда Сәтбаевтың ғылыми мұрасы ел дамуының стратегиялық бағытымен үндесіп жатыр. Жер қойнауын тиімді игеру, ғылым мен өндірісті ұштастыру, жас ғалымдарды қолдау – осының бәрі ұлы ғалым салған сара жолдың жалғасы. Біздің міндетіміз – Қаныш Сәтбаевтың еңбегін дәріптеу, жастарға үлгі ету және ғылымға деген қызығушылықты арттыру. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасады, – деп атап көрсетті Гүлмира Темірболатқызы.

Көкшетау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шияп Әлиев көрнекті ғалым Қаныш Имантайұлының Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан үшін қару-жарақ шығаруға қосқан үлесі мен кеңес ғылымын әлемге танытудағы жетістіктеріне тоқталды. Ал, журналистика ардагері Балталы Сәрсенбаев қазақ өнері мен мәдениетін өркендету, ғасырдан ғасырға жалғасқан ән мұрамызды зерттеу үшін Затаевичке берген ақыл-кеңестерін тілге тиек етті.

А.АЙҒАРА.

Медицина

Екі бөлімше ашылды

Ақмола облыстық ауруханасы базасында гематология және ревматология бөлімшелері ашылды. Бұл өзгеріс өңірдегі медициналық ұйымдарды жаңғыртуға бағытталған жол картасы аясында жүзеге асырылып отыр.

Жаңа ашылған гематология бөлімшесі облыстық онкологиялық орталық базасында құрылған. Бұл – өңірдегі жалғыз мамандандырылған бөлімше болмақ. Енді қан ауруларына шалдыққан науқастар толыққанды тексеру мен емдеуді өз облысында ала алады. Бұған дейін мұндай диагнозы бар азаматтар басқа өңірлерге баруға мәжбүр болатын.

Бөлімшеде лейкоз, лимфома, анемия және қан ұюының бұзылуы сияқты күрделі ауруларды емдеу жоспарланып отыр. Сонымен қатар жоғары дозалы химиотерапия жүргізіліп, заманауи емдеу тәсілдері, соның ішінде таргеттік терапия қолданылмақ. Бұл – науқастар үшін үлкен мүмкіндік. Өйткені олар енді уақыт пен қаражат жоғалтпай, қажетті көмекті өз өңірінде алады.

Ал ревматология бөлімшесі терапиялық бөлімнің базасында ашылды. Мұнда тірек-қимыл аппараты мен аутоиммунды жүйелік аурулармен ауыратын науқастарға көмек көрсетіледі. Атап айтқанда, ревматоидты артрит, жүйелі қызыл жегі, анкилоздаушы спондилит сияқты аурулармен күрес жүргізіледі.

Бұл бөлімшеде де заманауи емдеу әдістері енгізілуде. Дәрігерлер генно-инженерлік және биологиялық терапия тәсілдерін қолданбақ. Мұндай ем түрлері аурудың дамуын тежеп қана қоймай, науқастардың өмір сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Облыс әкімінің орынбасары Алтынай Әмренованың айтуынша, бұл бастама – өңірлік денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртудың маңызды бөлігі. – Біз медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға ерекше көңіл бөліп отырмыз. Жаңа профильдік бөлімшелердің ашылуы – осы бағыттағы нақты қадам. Бұрын қан аурулары мен аутоиммунды патологиялары бар науқастар облыстан тыс жерлерге баруға немесе бейінді емес жағдайда ем алуға мәжбүр болатын. Енді бұл мәселе кезең-кезеңімен шешілуде, – деді ол.

Ә.ӨРНЕКТІ.

Қоғам және заң

Үй – әр адам үшін қауіпсіздік пен жылулықтың мекені болуы тиіс. Алайда өкінішке қарай, дәл осы ортада зорлық-зомбылыққа ұшырайтындар аз емес. Ақмола облысындағы соңғы деректер бұл мәселенің әлі де өткір екенін көрсетіп отыр.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық әлі де өзекті

Жыл басынан бері өңірде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен 30 адам арнайы дағдарыс орталықтарына орналастырылған. Олардың ішінде 12 әйел мен 18 бала бар. Бұл – тек ресми тіркелген жағдайлар ғана. Ал көмекке жүгінбей, үнсіз қалған тағдырлар қаншама?

Мамандардың айтуынша, әйелдерге қарсы жасалатын қылмыстардың 80 пайызы үй жағдайында орын алады. Яғни адам өзін ең қорғалған сезінуі тиіс жерде қауіпке тап болады. Бұл қоғам үшін алаңдатарлық көрсеткіш.

Ақмола облысында биыл отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында 23 қылмыстық іс аяқталған. Оның ішінде ауыр қылмыстар да бар. Тіпті бір жағдайда денсаулыққа ауыр зиян келтіру өліммен аяқталған. Бұл жай статистика емес, бұл – адам тағдыры, үзілген үміт, күйреген отбасы.

Құқық қорғау органдары да бұл бағытта жұмысты күшейтіп отыр. 1113 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. 1344 қорғау нұсқамасы беріліп, оның талаптарын бұзған 169 адам жазаланған. 470 адамға ерекше мінез-құлық талаптары қойылған. Бұл шаралар зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталғанымен, мәселенің түп-тамыры әлі толық жойылған жоқ.

Заңнамалық өзгерістер де енгізілді. Енді сот шешімімен тұрмыстық агрессорды уақытша үйінен шығару және оны міндетті түрде психологиялық көмек алуға жіберу қарастырылған. Бұл – жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды қадамы.

Соңғы жылдары заңға енгізілген жаңа баптар да қоғамдағы өзгерістердің айғағы. «Некеге мәжбүрлеу» енді қылмыс ретінде қарастырылып, мұндай әрекет үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Ал «сталкинг» – адамның соңынан қалмай құдалау, бақылау жасау – жеке қауіпсіздікке төнген нақты қатер ретінде заң жүзінде танылды.

Дегенмен мамандар бір ауыздан: тек заңмен бұл мәселені шешу мүмкін емес дейді. Ең бастысы – қоғамның көзқарасы. Зорлық-зомбылықты «отбасылық мәселе» деп қабылдау әлі де бар. Ал үнсіздік – агрессорға берілген мүмкіндік.

Әрбір жәбірленуші өз құқығын білуі керек. Әрбір куәгер бейжай қалмауы тиіс. Әрбір қоғам мүшесі зорлық-зомбылыққа «жоқ» деп айтуы қажет. Өйткені қауіпсіз қоғам – әр үйден басталады.

Ә.ҚҰЛЖАНОВА.

Білім

Алда не күтіп тұр?

Отандық білім беру жүйесін алда тағы да бірқатар өзгеріс күтіп тұр. Реформадан көз ашпаған бұл салаға жаңа тағайындалған министр енді қандай жаңалық енгізуі ықтимал? Жалпы, қазақстандық оқушылар мен мұғалімдер үшін тағы не өзгеруі мүмкін? Осы және өзге де сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

ҰСТАЗДАРҒА АРНАЛҒАН ӨЗГЕРІС

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың айтуынша, педагогтердің пәндік біліктілік тестін тапсыруы уақытша емес, толықтай тоқтатылған. Енді педагогикалық қоғамдастықтағы тәжірибелі ұстаздар бұл тестті тапсыруға міндетті емес.

«Пәндік біліктілік тесті енді тек педагог мамандығына алғаш қадам басып отырған университет түлектері үшін өткізіледі. Бұл – жаңа ұстаздардың білім деңгейін бағалау мақсатында енгізілген талап», – деді Оқу-ағарту министрі. Сондай-ақ жаңа педагогтер екі жылдан кейін педагог-модератор біліктілік деңгейіне аттестациядан өткен кезде де педагог біліктілік тестін тапсырады. Ал қалған ұстаздар үшін бұл тест қарастырылмайды. Министрдің мәлімдеуінше, пәндік біліктілік тесті аттестация нәтижесіне ешқандай әсер етпейді.

Жұлдыз Сүлейменова бұған дейін тест тапсырған 51 мың педагогтың шекті балл жинап, портфолиосын толықтырып, аттестацияның барлық кезеңінен өткенін атап өтті. Оның айтуынша, олар қыркүйек айынан бастап тест нәтижесіне сәйкес қосымша үстемеақыларын ала бастайды. Сонымен қатар министр педагогтердің портфолиосы енді электрондық форматта жүргізілетінін мәлімдеді. Енді ұстаздар қағаз түріндегі құжаттар жинауға міндетті болмайды.

Министрліктің мәліметінше, барлық құжаттар мен материалдар арнайы электрондық платформада сақталып, сол жүйе арқылы қаралады. Бұл жөніндегі қосымша ақпарат пен нақты нұсқаулықтар кейінірек хабарланады. Бұдан бөлек, бұған дейін талқыланған авторлық бағдарламаларды жазу және ұсыну талабы да алынып тасталады. Министрдің сөзінше, бұл бағыттағы жұмыстар тоқтатылады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТКЕ ЖҮГІНЕДІ

Қазіргі таңда білім беру саласына жасанды интеллект технологияларын енгізуге ерекше мән берілуде. Осы мақсатта Оқу-ағарту министрлігі ChatGPT Edu пилоттық жобасын іске қосуды жоспарлап отыр. Сол арқылы мұғалімдердің күнделікті жұмыс жүктемесін азайтып, оқу процесін тиімді ұйымдастыру көзделуде. Яғни, бұдан былай педагогтар жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы сабақ жоспарын дайындайды, тапсырмалар мен тесттер құрастыра алады, сондай-ақ оқу материалдарын әртүрлі деңгейдегі оқушыларға бейімдеу дағдыларын меңгеретін болады, дейді министрлік өкілдері.

Осылайша, әлемдегі озық технологиялардың бірі саналатын ChatGPT жүйесін білім беру саласына енгізу арқылы оқыту сапасын арттыру және ұстаздардың уақытын тиімді пайдалануларына мүмкіндік берілмек. Бүгінгі күні Оқу-ағарту министрлігіне ChatGPT Edu жүйесінің 100 мың лицензиясы берілген. Олар елдегі білім беру ұйымдарына үлестірілмек. Ал екінші жартыжылдықта тағы 100 мың педагогқа лицензия ұсынылады деп жоспарлануда. Нәтижесінде, 2026 жылы 200 мың мұғалім жасанды интеллект құралдарын тәжірибе жүзінде қолдана алатын болады. Сөйтіп, мұғалімдер жасанды интеллекттің көмегімен бірнеше минут ішінде сабақ жоспарын дайындаумен қатар, күрделі тақырыптарды қарапайым тілде түсіндіріп, сабақ форматын бірлескен жобаға немесе зерттеу жұмысына бейімдей алады.

ОҚУЛЫҚ МАЗМҰНЫ ҚАРАЛАДЫ

Жаңа Конституция білім мазмұнын жүйелі түрде жаңартуға жан-жақты мүмкіндік береді. Осыған орай Оқу-ағарту министрлігі жалпы білім беру стандарттарын жаңартып, оқулық мазмұнын қайта қарауды жоспарлап отыр.

– Министрлік оқу бағдарламаларының мазмұнын күшейтіп, білім сапасына көңіл бөлетін болады. Ақпараттық технологиялар саласын және цифрлық құзіреттерді дамытуға ерекше мән беріледі. Негізгі басымдық бастауыш деңгейін нығайтуға арналады. Себебі, дәл осы кезеңде баланың алдағы білім беру жолын айқындайтын база, дағдылар және құндылықтар қалыптасады, – деді еліміздің бас ұстазы Жұлдыз Сүлейменова. Оның айтуынша, бұдан былай жыл сайын 1-сынып оқушыларына негізгі пәндердің жұмыс дәптерлері үлестіріледі, ал 5-9-сынып оқушыларына іргелі ғылымдарды тереңдетіп оқытуға басымдық беріледі. Сондай-ақ, 8-9-сыныптарда Қазақстан географиясы пәнін аптасына екі сағат көлемінде қайта енгізу қарастырылуда.

– Оқу бағдарламалары іргелі білімді кезең-кезеңімен нығайтуға арналады. Жоғары сыныптарда барлық негізгі пәнді міндетті түрде оқыту заңнамалық тұрғыда бекітіледі, – деді министр. Сонымен қатар, кәсіптік және техникалық білімнің сапасына да көңіл бөлінбек. Осы мақсатта Оқу-ағарту министрлігі өнеркәсіп және колледж арасындағы байланысты барынша нығайту үшін металлургия, құрылыс, IT компанияларымен келісімшарттар жасасып, дуалды оқыту жүйесін күшейтетін болады.

МЕДИАЦИЯ ЖҮЙЕСІ ЕНЕДІ

Еліміздегі балабақша, мектеп және колледждерде медиация жүйесі іске қосылуда. Бұл бастама балалар, студенттер, педагогтар мен ата-аналар арасындағы түсініспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа құрылым буллингтің алдын алуға бағытталады, дейді мамандар.

Балабақшаларда аталған құрылым тәрбиешілер мен ата-аналарға бүлдіршіндер арасындағы келіспеушіліктерді реттеуге көмектеседі. Сондай-ақ, балалардың бойында кішкентай кезінен бастап тіл табысу, бөлісе білу, ортақ мәмілеге келу және түрлі келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу дағдыларын қалыптастырады. Ал колледждерде студенттер арасындағы араздық, қорлық көрсету жағдайларының алдын алып, жасөспірімдер арасындағы ұрыс-төбелесті азайтуға септігін тигізбек.

Медиация тобының құрамына директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психологтар, әлеуметтік мамандар, ата-аналар, қоғамдық ұйым өкілдері, сондай-ақ жас ерекшелігіне қарай білім алушылардың өздері де кіреді деп жоспарлануда.

Айта кетерлігі, мұндай тәжірибе бұған дейін «100 медиативтік мектеп» жобасы аясында енгізілген болатын. Ол дау-дамайлардың алдын алуда және оқушылар арасындағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруда өз тиімділігін көрсеткен.

МАРАПАТ КӨБЕЙЕДІ

Бұдан былай қазақстандық мұғалімдерге деген құрмет күшейе түспек. Әсіресе, педагогтардың еңбегін бағалау мақсатында оларды жиі марапаттап тұру көзделуде. Сонымен қатар, қоғамдағы ұстаздар рөлін арттырып, еңбегін бағалау үшін түрлі іс-шаралар, байқаулар ұйымдастырылады деп күтілуде. Сондай-ақ, Оқу-ағарту министрлігі жасы үлкен педагогтарды даярлау мен қайта даярлау бойынша жаңа жобалар енгізуді жоспарлап отыр. Оларды цифрлық сауаттылыққа және заманауи білім беру стандарттарына бейімдеу мақсатында арнайы оқыту бағдарламалары да күшейтілмек. Бұған қоса жас мұғалімдер үшін тәлімгерлік бағдарламалар әзірленуде. Мұның бәрі – мұғалімдерге деген қолдаудың белгісі, дейді министрлік өкілдері.

Дайындаған А.АЙҒАРА.

Өнер

Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясы композитор, сонау жетпісінші жылдары атағы жер жарған «Қарагөз» вокалды-аспаптар ансаvблін құрушылардың бірі және әнші-композиторы болған Болат Есмұхановтың әндерінен құрылған «Жарығым-ай» атты концерт өткізді. Кеш иесіне Көкшетау қаласының әкімі Әнуар Күмпекеевтің Құттықтау хаты мен бағалы сыйлығы, гүл шоғы табысталды.

Махаббат мұңы қандай әдемі!..

Айта кету ләзім, «Қарагөз» расында да өз заманында аты аңызға айналған, тылсымға бөккен, ертегідей ерекше әңгімелерге арқау болған топ еді. Мұндай атышулы өнер ұжымдары, ақын-жазушылар, спортшылар дейсіз бе, дүлділдің бәрі ол кезде Алматыда тұрып, орталық теледидардан жиі көрініп, газет-жорнал жамырай жазып, жария етіп жататын. Мысалы, сол кез «Досмұхасан» дүрілдеп тұрды. Оның әр қадамын, әр әнші, музыканттарын жатқа білетінбіз.

Ал орталықтан алыс, қиян арқадағы Жезқазғанда құрылып, керемет саз әуелеткен «Қарагөздің» бізге әні ғана жететін. Сұмдық нәзік, жүрек діріл-деткен, сезім пернелерін дөп басқан сиқырлы да сұлу әндер көктем лебіндей есетін. Телевизор да көрсетпейтін ауыл-ауылға қалай тарайды, тылсым. Бірақ, сұңғыла, талантты қазақ жастары бір естігенін қағып алып, таң нұрындай таза, пәк сезімді жырлаған әндерді сүйсіне де, құмыға да шырқайтын, армандарына асығатын. Тек, сол сұлу әндердің авторы кім екенін ешкім сұрап-біліп жатпайтын. Қапелімде оны біле қою да оңай еместігі белгілі. Сөйтсек, ол әндердің бірқатары Жақсыгелді Сейіловтікі, бірқатары ағайынды Болат пен Ахмедия Есмұхановтардікі екен. Әсіресе, жастардың қатты ұнатып, аузынан тастамайтын, армандарына жүрек лүпілін жеткізетін «Махаббат мұңы», «Оянған махаббат», «Сен кінәлі емессің» сияқты әндердің авторы Болат Есмұханов екен.

Сөйткен Болат ағамыз біраз жылдан Көкшетауда тұрады. Жанымызда жүр. Кездес те, әңгімесін тыңдай бер!..

Міне, концерт те басталды. Әрине, әйгілі «Махаббат мұңымен»! Сөзі қазақтың ғажайып лирик ақыны Тұманбай Молдағалиевтікі. Орындайтын кең тынысты, қай жанрдағы әнді қандай сүйемелдеумен айтса да сүрінбейтін Жанат Есов. Сүйемелдеуші (тек, бұл емес, бүгінгі концерт бағдарламасына енген барлық әндерді) эстрадалық-үрмелі аспаптар оркестрі. Гүлмира Ордабаева жетекшілік ететін «Гәкку» би ансамблі шуақты әннің шырайын бимен аша түсті.

Бозбала шақ, жалын шағымыздың куәсі болған балғын ән басқаша, жаңа қалыпта, бүгінгі жастың көзқарасымен, асаудай тулаған үрмелі аспаптардың қуатымен әрлене шырқалды. «Жарайсың, Жанат!» дестік.

Басқа орындаулар да осылай тың екпінмен жаңғырған екен. Орындау мәнерлері басқа, стиль басқа. Бірақ, сол жүректе жатталған сырлы сарын, таныс әуен. Сағынышты қозғап, арнасын тауып, байырғы бір көркем мұңымен табысып жатыр. Махаббаттың мұңы қандай әдемі! Сұлу саздың сүйкімі ешқашан жоғалмайды екен-ау! Композитор көп әндерін Тұманбай мен Мұқағали өлеңдеріне жазыпты. Ішінде Алмас Темірбай, Ерболат Баятұлының өлеңдеріне жазылған жақсы әндер де бар.

Концертті бастан-аяқ үлкен әсер үстінде тамашаладық. Әр нөмірге тоқталсақ, әңгіме ұзап кетер еді. Бірақ, айтар пікір – біреу-ақ: Болат әндерінің бүгінгі жастар жүрегіне жаңа стильмен жол тауып жатқаны. Бұл – үлкен жетістік. «МузАрт», «Каспий» топтарының, тағы басқа әншілердің орындау мәнерінен де басқа.

Ал, соның ішінде бөле-жара, атап айтары қайсы, десек, композитордың жары Мара Есмұханова «Сен кінәлі емессіңді», Ләззат Едіресова «Әкені», Серікболсын Бекмолдин «Жарығым-айды» жандырды!.. Әсіресе, Ләззаттың орындауы алабөтен алапат шықты! «Жүректен шықса ғана жүрекке жетеді» демекші, өнер биігін көрсетіп тамсантты. Сірә, талғампаз көрерменнің аталған әндерді тыңдауға асығуы керек.

Басқа жас әншілер де концерттің ойдағыдай өтуіне үлкен үлес қосты. Сосын, сахна төріндегі лэд-экрандағы көріністер ән мәтінімен үйлестіріп, шығарманы ширықтырып, үстемелеп отырды. Қандай ғажайып бейнебаяндар!

Міне, көрген концертіміз туралы қысқаша ғана көңіл толқыны осындай. Сөз соңында, «Жасай бер, аңыз адам – Болат аға!» демекпіз! Осындай тамаша кеш ұсынған филармонияға рақмет!

Серік ЖЕТПІСҚАЛИЕВ,
Мәдениет саласының үздігі,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Қыздары біздің жақтың

Алтын Жамбылқызы:
Әр науқасқа өзімнің жақынымдай қараймын

Ол бала күнінен елгезек болып өсті. Қиналған жанға қол ұшын созуға дайын тұрды. Әсіресе, анасы ауырып қалғанда асты-үстіне түсіп, бәйек болудан бір жалыққан емес. Көкшетау облысы, Рузай ауданы, Рузаевка селосында дүниеге келген қаршадай қыздың қайсарлығы, табандылығы көзге ұрып тұрмаса да, бойындағы батылдығы өмірлік серігін таңдауға да, өз мамандығының нағыз майталманы болуға да кедергі келтірген жоқ. Сол жолдан таймай келе жатыр.



Алтын Жамбылқызы Байғожина медицина саласын жайдан жай таңдап алған жоқ. Бала күнінде өзінің туған үйіне әкесінің қарындасы, әскери бөлімшеде фельдшер болып жұмыс істейтін Өркен Қалиасқарқызы жиі келіп жүретін. Қолында портативті шағын сөмкесі болатын. Оның ішінде қайнатылатын шприцтері, тонометрі, фонендоскопы жүретін. Алтын сол сөмкені айналшықтап шықпайтын. Ашып қарап, қолына ұстап көргісі келіп тұратын. Апайы тонометрмен үйдегі үлкендердің қан қысымын өлшеп жатқанда, мониторда жүгіріп тұрған сағаттың тілін бақылап, фонендоскоппен өкпесін тексергенде адамның тыныс алуын қадағалап, қызыға қарайтын және өскенде мен де осындай дәрігер боламын деп армандайтын.

Оныншы кластан кейін бірден Өркен апайы бітірген Көкшетау медициналық училищесіне құжаттарын тапсырды. Әжесінің апайы сабағын жақсы оқып, қызыл галстукке бітірген деп мақтанышпен айтып отыратыны есінде. Өкінішке орай, Өркен апайы 35 жасында жедел жәрдем көлігімен аударылып, көз жұмды. Артында екі баласы қалды. Жұбайы, Алтынның жездесі бұл оныншы класты бітірген кезде бірден медициналық институтқа құжаттарын тапсыруға ұсыныс тастап, арнайы келген еді. Алайда Алтынның анасы қызының болашағына аландап, алыс қалаға жіберуге қорықты. Уақыт өте келе перзентінің жолын байлап, үлкен мүмкіндіктен айырғанына өкініш білдіргені бар.

Алтын ол уақытта көп нәрсенің байыбына бара бермесе де, қолы шипалы дәрігер атану үшін әр нәрсеге мұқият болу қажеттігін түсінетін. Өйткені науқастарды емдеген кезде саған денсаулығын тапсырып тұрған жанға жылы жүрекпен ғана емес, сауатты қадаммен де бару керек. Міне, осылайша Көкшетауда медицина мамандарын дайындайтын училищенің медбикелер ісі бөліміне екі жыл қатарынан құжаттарын тапсырып, Алтын да қабылданды. Сабағын оқып жүріп, білім ордасына жақын облыстық аурухананың жарақаттану бөлімшесінде санитар болып жұмыс істеді. Ондағы мақсаты – бұл мамандықты қаншалықты игеріп кете аламын және қаншалықты мен үшін сүйікті кәсібіме айналады деген сенімге ие болу еді. Жарақаттану бөлімшесіне келіп түскен науқастардың жаралын таңу, байлау, ине салу, күту сияқты жұмыстарды бір кісідей атқарып, зыр жүгірді. Кішкентай ғана қазақтың қызы ештеңеден тайынған жоқ. Тапсырылған жұмыстарды тиянақты орындап жүрді. Облыстық аурухананың жарақаттану бөлімшесінде жас қызға әріптестері қолдау білдірді. Бөлімше меңгерушісі Байда Евгений Григорьевич сияқты білікті дәрігердің қарамағында жұмыс істеу болашақ маман иесіне көп септігін тигізді. Кущ Валерий Михайловичтан да үйренгені көп болды. Ал, өз ісінің білгірі Қараторғай Қасымқызы Рақымжановадан көрген шарапатын ауыз жаппай айта беруге бар. Өйткені ондай қайырымды жандардың қамқорлығын көру қашанда қуат беріп, қолы қалтырамайтын мықты маман болуға жетелейді. Облыстық аурухана алдынан кездескен жақсы адамдардың қатарында медбике Ботагөз Әубәкірқызына, қалалық аурухана құшағын ашқан Айгүл Қалиасқарқызына алғысы шексіз. Осындай сауатты, үлгі алатын адамдарға қашанда ұқсап баққысы келді.

Облыстық аурухана мол тәжірибе жинақтаған біздің бүгінгі кейіпкеріміз Талғат есімді жігітпен көңіл қосып, екі бала сүйді. Келінінің кезекшілікте жүретін қызметінің ауыр екенінің куәсі қайын атасы оған қалалық аурухана ауысуға кеңес берді. Әрі үйге жақын, әрі науқастардың саны да көп емес. Осылайша Алтын көп ойланбастан қала тұрғындарын емдейтін мекемеге Серік Кәкенұлы Қабдәшев басшылық еткен ұйымға 1992 жылы ауысты. Бастапқыда жедел қызмет көрсету бөлімінде науқастар парағын жазатын медбике болып жүріп, жүйке жүйесі бөлімінде ұзақ уақыт қызмет ету бұйырды.

Жүйке жүйесі бөлімшесінде жұмыс өте жауапты болды. Алтын Жамбылқызы көп жылын сонда өткізді. Жүйке жүйесі өте нәзік ағза. Бұл бөлімшеде көбінесе миға қан құйылып, инсульт алған адамдар жатады. Олардың күтімі кісі қолында. Ондайда медбикелерден аса мұқияттылық пен ыждаһаттылық талап етіледі. Мейірімді жүрек пен жылы сөз де дертке дауа. Алтын Жамбылқызы әсіресе коронавирус кезінде талай жыл өздері емдеп келген науқастар көз жұмып жатқан сәттерін ойласа, денесі шымырлап кетеді. Медбикелер оларды жылап шығарып салып жатты дейді ол. Өйткені ұзақ уақыт осы бөлімшеде емделіп келген әр науқас өзіннің туғаныңдай болып кетеді. Әрбірінің диагнозын, қандай ем қабылдайтынын, қандай дәрі егуге болмайтынына дейін білесің. «Корона тәжі» ауруы кең тараған кезде медицина мамандарының қатты сасып, ем-дом жасау шараларының жолдарын дұрыс білмей, қиналғаны рас. Сол уақытта көп науқастардан айрылып қалып жатты. Ал жүйке жүйесі зақымданған жандар үшін бұл тіпті қиын болғаны рас. Қолдарынан келер шара жоқ, жасаған ем-домдарынан нәтиже болмай, көз алдарында о дүниелік болып жатқан науқастарды медбикелер жылап шығарып салғаны да шындық.

Дәрігердің оң қолы саналатын медбикелердің жауапты қызметі жайлы осы ретте айтпай кетуге болмайды. Олар бұл саланы жетік меңгергені сонша, тіпті кейде диагнозды нақты қойып бере алады. Кейде бет-аузы қисайып, тілі күрмеліп жатқан адамның неврит немесе инсульт екенін анықтау қиынға соғады. Ондайда мықты маманның өзі шатысып кетуі мүмкін. Білікті медбикенің сондай сәтте дәл диагноз қоятын сәттері жиі кездеседі. Тіпті қандай дозада дәрі егу керектігіне дейін кеңес береді. Кейін оның дұрыстығына көзі жеткен дәрігердің өзі алғысын айтатын жәйттер болып тұрады. Мұның бәрі уақытпен, тәжірибемен келетін дүниелер. Дәрігермен қатар жүріп, меңгеріп алатын сауатты медбикенің қатарында Алтын Жамбылқызы да бар. Жоғарыдағы дүниелер тура осы кісіге қарата айтылған.

Өзінің білімін тереңдетуге біздің бүгінгі кейіпкеріміз баса мән береді. Үйренуден жалықпайды. Педагог-психолог мамандығын меңгеріп алып қана қоймай, Орынбор медицина академиясының бакалавриатын қашықтан оқып алды. Мемлекеттік емтиханды Ресейлік білікті де білімді, жасы егде тартқан профессорлардың алдында қорғады.

Бүгінгі күні Алтын Жамбылқызы Көкшетау қалалық аурухана сының кардиология бөлімшесінде халыққа танымал жүрек дәрігері Сергей Зиборовтың қарамағында қызмет етеді. Жақындарының жанашыры, көршілерінің «жедел жәрдемі», ағайындарының алғашқы көмегі – Алтын Жамбылқызына жүгінбейтін жан жоқ. Қолы шипалы, жеңіл, елгезек жаннан ине алып, система қойғызып, қан қысымын тексертіп, қажетті дәрі-дәрмегін қабылдап жүрген көптеген жандардың ақ батасы зая кеткен жоқ. Әсіресе, мәңгіден бақиға озған жездесі Бердімұраттың қиналғанда тек Алтынды ғана шақыртатынын айтса да жеткілікті. Күн демей, түн демей, жүгіре жетіп, қолынан келгенше көмектесті. Әлі күнге дейін көршілері мен туған-туыстары қиналып жатса «911» номерін емес, Алтынның номерін тереді.

Халық ықыласына бөленген жан 2013 жылы жүйке жүйесі бөлімшесінің науқастары арасында құпия түрде жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде Алтын Жамбылқызы ең мейірімді, кең жүректі, сауатты әрі білгір медбике ретінде таңдап алынды. Осылайша «Халық медбикесі» атанды. Аурухананың бас дәрігерінің қолынан теледидар алып, мерейленді. Биыл медицина қызметкерлері арасында жүргізілетін «Үздік медбике» байқауының үміткері. Бұл сайыстан да оза шауып, бәйге алуынан жақындары еш күмәнданбайды. Өйткені кәсіби маманның өз бағасын алмай қоюы мүмкін емес.

Қызметі мен отбасындағы жайлылықты қатар алып келе жатқан қазақтың қаршадай қайсар қызы ұлы Нияз бен қызы Сәулені үйлі-баранды етіп, келін түсіріп, күйеу келтіріп, немере сүйіп отырған бақытты жан. Жұбайы Талғат оның қызметін жақсы түсініп, қолдау білдіріп келе жатыр. Соның арқасында жұмысын ақсатпай, әріптестері ортасында жарқырап жүрген жайы бар.

Спортты жанына серік еткен жан волейбол ойнаудың шебері. Осы күнге дейін қалалық аурухананың намысын қорғап, талай жарыстарда командасымен топ жарды.

Дастарханын жайнатып, жақындарына дәмді тағамдарын ұсынатын жан Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін, қасиетті Рамазан айын және өзінің туған күнін жақсы көреді. Ал ең басты Алланың берген сыйы – ұлынан көрген немерелері мен қызынан көрген жиен немерелері. Қолындағы келінімен түсінісіп, кейде қаталдық та танытып, кейде мейірімін де төгіп, бірге тұрып жатыр. Ең бастысы, жастардың болашаққа нық сеніммен қарап, ата-анасын сыйлап, өздерінің сүйіспеншілікпен жүргендері дейді ол.

Бүгінгі таңда медицина мекемелерінде тәжірибелі аға буын өкілдерінің қатары сиреп келеді. Алтын Жамбылқызын бұл да толғандырмай қоймайды. Білікті дәрігерлер мен мейірімді медбикелер зейнетке шығып, қатары азайған сайын науқастарға қарайтын қолы шипалы жандар да азаяды деп мұңаяды. Ал, күнделікті өзінің жұмысына тиянақты жан науқастарға қол ұшын созуға тағы да асығып бара жатыр. Төмендегі Мейрам Хамитұлының шығарған өлең жолдары бүгінгі кейіпкеріміздің ажарын аша түседі деген ойдамыз.

Қалалық аурухана медбикесі Алтын Жамбылқызына

Жамбылқызы Алтын атты медбике
Мейірімі төгіледі жүрекке.
Қол астына келген жанды аялап,
Дертін жеңіп шығарады тілекке.

Ұқыптылық – өзіндегі асыл бақ,
Әр ісінен көрінеді анық-ақ.
Туғанындай көріп әрбір науқасты,
Жылы сөйлеп жазады ол сөзбен ақ.

Сымбат берген табиғаттың сыйындай,
Әсемдік бар қимылы оның жырындай.
Сұлулық пен шеберлігі ұштасып,
Ем жасайды мейірімнің нұрындай.

Алтын есім – затына сай жарқырап,
Қызметі тұр ел ішінде сап құрап.
Ақ халатты абыроймен арқалап,
Жүре берсін, жақсылыққа жол нұсқап.

Гәкку АСЫЛБЕКҚЫЗЫ.

Мәдениет

Өнерліні өрге өрлеткен...

«Балақай» үлгілі вокалдық балалар студиясы – әр баланың өмірінің ажырамас бөлігіне айналған ғажайып шығармашылық әлем. «Достар» мәдениет сарайы жанындағы балалар ұжымында 3 пен 18 жас аралығындағы жас дарындар шығармашылықпен айналысады. Олардың әрқайсысы үшін сахна – өзін-өзі танытудың, шабыт алудың және алғашқы жеңістерге жетудің орны болып табылады.

Ансамбль репертуары бай әрі сан қырлы: Отанға деген сүйіспеншілік, шынайы достық, бақытты балалық шақ пен болашаққа деген арман туралы әндер.

Жас өнерпаздармен «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, тәжірибелі вокал педагогы Еңлік Жақыпова жұмыс істейді. Оның кәсіби шеберлігі, музыкаға деген нәзік талғамы мен балаларға деген шексіз сүйіспеншілігі ерекше шығармашылық орта қалыптастырып, талай таланттың жарқырап көрінуіне жол ашуда. Оның жетекшілігімен «Балақай» студиясы облыстық, өңірлік және халықаралық байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпазы атанды. 2025 жылы Қарағандыда өткен халықаралық байқауда Гран-при иеленуі – соның айқын дәлелі.

Ұжымның әрбір өнер көрсетуі – көрермен үшін нағыз мереке. Жас вокалистер сахнада өздерінің артистік шеберлігімен, таза әрі әсерлі дауыстарымен, шынайы эмоциясымен жүректерді баурап алады. Олардың қуаты мен жарқын жүздері әрбір қойылымды ұмытылмас сәтке айналдырады.

